

Тақырыбы: И.Г.Песталоццидің білім беру туралы ойлары

Орындаған: Аятбекова Ақмарал
Әліпбекова Айман



Генрих Песталоцци

Цюрих қаласында дәрігердің жанұясында 1746 жылы дүниеге келді. Оның әкесі ерте қайтыс болды. Баланы анасы және жанұяға шын берілген қызметші әйел тәрбиеледі. Жанұяның материалдық жағдайы өте ауыр болды.

Балалық шағынан бастап, швейцария шаруаларының ауыр тұрмысын байқап, Песталоцци дворяндар – помещиктер және мануфактура иелері оларды қалай қатты қанағанын көріп өсті.

Песталоцци алғашында білімді неміс бастауыш мектебінде, одан кейін латын орта мектебінде алды. Бұл мектептің оқу бағдарламасының нашарлығы және дайындығы жеткіліксіз оқытушылары жас Песталоццидің есінде берік қалды. Песталоцци Песталоцци жоғарғы оқу орнына түсіп, онда коллегіум, филология және философия бөлімдерінде оқыды.

- Песталоццидің айтуынша, адамның табиғи қабілеттіктерін дамыту, әруақытта да оны жетілдіріп отыру.
- Песталоцци “адамның күштері мен қабілеттіктерін үйлесімді дамыту” туралы насихаттады; адамның жақсы нышандарын дамытып отыру қажет. Тәрбиешінің балаға әсері оның табиғатымен сәйкестікте болуы керек. Педагог жас ұрпақтың табиғи дамуын басып отырмау қажет деген.
- Негізгі тәрбие қағидасы, Песталоццидің түсіндіруінше, бұл табиғатпен сәйкестік.

- Песталоцци тәрбиенің негізгі міндеті – адамды жан-жақты және үйлесімді дамыту.
- Адамгершілік тәрбиенің қарапайым элементі, Песталоццидің пікірінше, баланың анасына махабаты, ол бала ағзасының күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ету негізінде пайда болады. Жанұяда баланың адамгершілік мінез-құлқының негіздері қаланады деген.



- Песталоцци бастауыш мектептің оқу жоспарын белгілі дәрежеде кеңейтті, оқу жоспарына оқу және жазу, санау және өлшеу, сурет, гимнастика, ән-күй дағдылары, сонымен қатар жағырафия, тарих, табиғаттану салаларынан кейбір білімдер қосты.



- Песталоцци ойлауды дамыту мен білімді жинақтаудың арасын ажыратады. Песталоцци мектептің негізгі міндеті рухани күштер мен қабілеттіктердің оянуы, ойлау қабілеттілігін дамыту, демек, формалардың білім беру деп түсінді.
- Бірақ Песталоццидің элементарлық білім беру теориясы бір ғана дидактикалық проблемамен шектеліп ғана қоймайды. Песталоццидің түсінуінше, элементарлық білім беру теориясы баланың ақыл-ой, адамгершілік және дене күштерінің табиғатқа сәйкес дамуы деп қарастыруға болады деді.

- Песталоцци алғашқы оқытудың жалпы негіздерін және бастауыш білім берудің жекеленген пәндердің әдістемелерін талдады. Көзқарасының тарихи шектеушілігіне байланысты ол оқушыларды біліммен қаруландыру және ақыл-ой күштерін дамытудың бірлігі үрдісі мәселесін дұрыс шеше алмады. Ол кей жағдайда ойлауды дамытуда механикалық жаттығулардың ролін асыра бағалады.



- Песталоцци оқыту үрдісін жеңілдетуге ұмтыла отырып, ол кез-келген білімнің қарапайым элементтері болатындығын, оны меңгере отырып, адам дүниені танып білетіндігін дәлелдеді.
- Бүкіл бастауыш білім беру үрдісін Песталоцци бірте-бірте бірізді элементтерден, демек, индуктивтік тәсілмен тұтастыққа өту негізінде құрды. Әруақытта да, оқытуда жақыннан алысқа, қарапайымнан күрделіге бірізді үздіксіз іске асыруды талап етті.
- Осы дидактикалық қағидаларының негізінде Песталоцци балаларға бастауыш білім беру әдістемесін талдады.

Песталоцци элементарлық білім беру теориясын жасады.

- Ол теория ХІХ-ғ. Еуропада халық мектептерінің дамуына көмектесті, ол жеке пәндердің әдістемесін талдауды бастады, олар бастауыш мектептерде кеңінен қолданылды. Бұл теория догматикалық оқыту мен механикалық есте сақтауға қарсы күресте халық мектептерінің дамуына мүмкіншілік жасады. Ол дене, еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі туралы өте құнды пікірлер ұсынды, бастауыш мектепте білім берудің мазмұнын кеңейтуге күш жұмсады, оны халыққа жақын, бұқара халықтың өмірі және қажеттіліктерімен тығыз байланысты етуге ұмтылды, балаларға еңбек тәрбиесін беруге және өмірге даярлауға ерекше көңіл бөлді.



- Песталоцци ұсынған оқытудың дамыта оқыту идеясы, сөз жоқ, алдыңғы қатарлы педагогикалық теория мен практиканы одан әрі дамытуда жағымды роль атқарды. Бүгінгі күнде де педагогика ғылымында дамыта оқыту идеясы күн тәртібінен түспеген, өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

**Назарларыңызға
Рахмет!!!**